

ШЖҚ КМК "Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасының" 2024  
жылдың 3-тоқсанына жалпы жиналыс хаттамасы № 3

Байқоңыр қаласы

2024 жылғы 07 қазан

Төраға- бас дәрігер – С.А. Кенжебаев

компанс офицер – А. Тұрғанбаев

Хатшы – А.Е. Дарменкулов

Қатысқандар: Аурухана қызмекерлері .

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу және болдырмау.
2. Жалған медициналық құжаттар, оның ішінде №086 нысандағы анықтама, санитарлық кітапша, еңбекке жарамсыздық парақшаларын жасаудың зардаптары және оған қатысты қолданылатын жазалар.

Бас дәрігер С.А. Кенжебаев сөйледі: Құрметті әріптестер өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзекті мәселе болып отыр. Осы орайда аурухана төңірегінде сыбайлас жемқорлық оқиғаларын болдырмауға және оны анықтап біліп, әшкерелеу барлығымыздық ортақ борышымыз деп білемін. Осыған орай компанс офицер А. Тұрғанбаев нақтылап өтеді.

А. Тұрғанбаев өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз

өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Екінші тақырып бойынша А. Тұрғанбаев келесіні атап көрсетті: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығының талаптарын бұза отырып, заңсыз еңбекке жарамсыздық парақшасын беру Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» № 235-V кодексінің 81-бабына (Медицина қызметкерінің еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзуы) сәйкес, лауазымды адамдарға он айлық (34 500 теңге) есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол іс-әрекет – маман сертификатынан айыра отырып не онсыз, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырма айлық (69 000 теңге) есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Бұдан бөлек аталған заң бұзушылық Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 385-бабымен көзделген жаза қолданылады. Атапайтқанда жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді қолдан жасау, дайындау немесе өткізу екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі (6 900 000 теңге) мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал бірнеше рет немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған дәл сол іс-әрекеттер

– төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі (13 800 000 теңге) мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығының талаптарын бұза отырып, азаматтарға медициналық тексеруден өткізу туралы жалған құжаттарды (№ 086 нысандағы анықтама және санитарлық кітапша) қасақана ниетпен дайындау үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 385 бабымен жаза көзделген.

Бас дәрігер С.А. Кенжебаев сөз сөйледі: әріптестерді аурухана төңірегінде және жалпы қоғамда сыбайлас жемқорлық оқиғаларына жол бермеуге, ауруханада орын алған фактілер болса әшкерелеп анықтап беруге шақырамын. Жалған медициналық құжаттарды жасауға жол бермеуді талап етемін.

Комплаенс офицер

А. Тұрғанбаев

Бас дәрігер

С.А. Кенжебаев

Хатшы:

А. Дарменкулов